


# ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

## 2021 ж. қаңтар-қазан



**445,2**  
МЛРД. ТГ



**106,8%**  
ФКИ

- Прочие осн.неорган. хим.вещ-ва
- Удобрения и азотосод.соединения
- Красители и пигменты
- Прочие хим. прод., не включен в др. группы
- Пестициды и прочая агрохимия

**\$751,7**  
МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 89%

от 11%

**\$2631,6**  
МЛН


**НАРЫҚ**

**\$2 334,6**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Нарық, экспорт және импорты бойынша 2021 ж. 9 айдағы деректер



**ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС**

## 2021 жылғы қаңтар-қазандағы химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қазанда **445,4** млрд теңгені құрады, бұл, 2020 ж. осы кезең көрсеткішінен **14,7% жоғары**.

Химия өнімі өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті *басқа да органикалық емес заттар* – 36,4%, *тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар* - 18,4%, *бояғыштар мен пигменттер* – 8,6%, *басқа да химия өнімдері* – 8,2%, *бастапқы формадағы пластмассалар* – 7,2%, *өнеркәсіптік газ* – 5,6%, *пестицидтер және басқа да агрохимия* – 4.7% құрады.

Физикалық көлем индексі (бұдан әрі - **ФКИ**) талдау жүргізілген кезеңде **106,5%** құрады.

Өндіріс көлемінің заттай көріністе ең жоғары өсуі: хром қосындылары: натрий бихроматы (+77,3%), хромды ангидрид (+ 1,7 есе), хром тотығы (+68,5%), хром малмасы (+17,5%), бұл, «АЗХС» АҚ өндірісінің қалпына келуімен және сұраныстың артуына байланысты; құрылыс жұмыстарының 7,6% өсуіне байланысты полимер негізіндегі бояулар мен лактар (+5,5%), цементке қоспалар (+ 20,7%), бояу тегістегіштері (+23,4%); каустикалық сода (+19,5%), тұз қышқылы (+16,8%), аралас салалардағы өндірістің өсуіне байланысты күкірт қышқылы (+3,4%), атап айтқанда, қара металлургияда өндіріс көлемі 2,3% өсті; - аммиак (+13,3%), ішкі сұраныс пен тыңайтқыштар өндірісі экспортының өсуі есебінен фосфорлы (+3,5%) және азотты (+15,1%) тыңайтқыштар; жуғыш заттар (+24,3%), тұтынушылық сұраныстың өсуі есебінен натрий триполифосфаты (+7,5%).

Химия өнімі экспорты құндық көріністе **2021 ж. қаңтар-қыркүйекте** 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **20,2%** өсті және **751,7 млн. АҚШ долл.** құрады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей (20,3%), Германия (9,1%) және Украина (6,7%) (2-сурет).

Химия өнеркәсібі өнімінің импорты **2021 ж. қаңтар-қыркүйекте** **2334,6** млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2020 ж. осы кезеңдегі осы өрсеткішпен салыстырғанда 12,2% жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (48,4%), Қытай (14,8%), АҚШ (4,9%).

Химия өнімдері **нарығының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте **2631,6** млн АҚШ долл. (*1117,6 млрд теңге*) құрады, бұл, 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 9,4% артық.

Өндірістің (+10,3%) және экспорттың (+20,2%) өсуіне қарамастан құндық көріністе отандық тауар өндірушілер (ОТӨ) үлесінің төмендеуі байқалады. ОТӨ үлесі **11,3%** құрады, бұл, импорттың құндық көріністе 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 12,2% өсуіне және ұлттық валюта бағамының 3,9% өсуіне байланысты.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2021 ж. қаңтар-қазанда төмендегі өңірлерде байқалады: Жамбыл (35,9%), Ақтөбе (11,5%), Қарағанды (10,6%), Павлодар (9,1%) және Ақмола (5,7%) облыстарында.